

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген.

Білім беру саласына өзгерістердің енуі және білім беру процесіне қатысушылардың ол туралы пікірлерінің әр түрлі болуы қалыпты жағдай.

Елімізді ғана емес, бүкіл әлемді дүр сілкіндірген «COVID-19» індеті білім саласына да айтарлықтай әсер еткені рас. Елімізде пандемия жарияланған сәтте халықтың денсаулығы ең бірінші орында тұрды. Әрине,

қандай жағдай болмасын, балалардың білімсіз қалмауы, оқу процесін үзбеу – басты мақсат болды.

Қысқа мерзімнің ішінде қашықтықтан оқыту форматын ұйымдастыру – өз кезегінде осыған дейінгі білім саласының мазмұнын, сапасын, жалпы деңгейін анықтап, алға қойған мақсаттарды айқындай түсті.

Нұр-Сұлтан қаласында әр түрлі меншік нысанындағы 129 мектеп, 410 балабақша бар. Бұған қоса, қосымша білім беру, кәсіптік және техникалық білім беру мекемелері де жұмыс істеуде. Білім беру нысандарын қашықтықтан оқыту форматына ауыстарған кезде, ең алдымен ақпараттық технологияның қажеттілігі және оны пайдалана білу қабілеттердің болуы сұраныс туғызғаны анық.

Елордада қашықтықтан оқыту форматын ұйымдастыру үшін осы уақытқа дейін жергілікті бюджеттен 8000, республикалық бюджеттен 27 мыңға жуық компьютерлік техника сатып алынды. Ең алдымен көп балалы, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды, жетім және мүгедек балаларды, сондай-ақ сұраныс білдірген басқа да оқушыларды да қамтамасыз еттік.

Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру үшін келесі бір маңызды мәселе – педагогтардың дайындығы.

Өткен оқу жылының соңғы тоқсанында педагогтарды арнайы дайындауға уақыттың тығыз болғаны белгілі. Дегенмен мұғалімдер жаңа платформаларды меңгеріп, сандық ресурстарды қолдануды жүзеге асырып, жаңа жағдайға тез бейімделді.

Қашықтықтан оқытуға дайындық мақсатында «Білім беруді жаңғырту орталығы» **12 480** (100%) педагогті қамти отырып, Сандық педагогика (**online-method.kz**) платформасында онлайн-оқыту ұйымдастырды. Барлық педагогтар тамыз айында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» әзірлеген «Қашықтықтан оқытуды үйренемін» атты онлайн-курсына қатысты.



Жаз кезінде ұстаздар Academia.kz виртуалды зертханасында педагогикалық шеберліктерін шыңдады. Виртуалды зертханада педагогика, психология, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және т.б. мәселелер бойынша ең өзекті онлайн-курстардың топтамасы ұсынылған.

Сонымен қатар, «Елордалық электронды мектеп» платформасы әзірленді, онда қысқа мерзімді сабақ жоспарлары, бейнесабақтар, білім берудің сандық ресурстары және т.б. орналастырылған.

Биылғы жаңа оқу жылында елордамыздағы оқушылар саны 193 мыңнан асты. Мектептерде бастауыш сыныптар дәстүрлі түрде оқу мүмкіндігіне ие екені белгілі. Бүгінгі

таңда 3011 кезекші сынып құрылып, онда 40 400 оқушы білім алып жатыр.

Санитарлық талаптарды орындау мектеп басшылығына қойылған маңызды талаптардың бірі. Барлық мектептерде оқушы денсаулығының қауіпсіздігі үшін жағдай жасалған.

Қашықтықтан оқыту форматында 5-11 сыныптар синхронды және асинхронды білім алуда. Бүгінгі таңда қаланың 79 мектебі Online мектеп-пен, 32 мектеп Daryn Online-мен жұмыс істейді. Барлық білім беру ұйымдары Microsoft Teams, Zoom, GoogleClassroom, сияқты басқа қызметтерді де пайдалануда.

Қашықтықтан оқыту форматының ерекшелігі мен кемшілігіне келетін болсақ, кез келген өзгерістерді қабылдау белгілі бір уақытты қажет етеді. Бұл орынды құбылыс.

Оның қалай жүзеге асатыны бөлек мәселе. Жаңа форматты ұйымдастырып, жүзеге асыруда біршама кедергілердің болғанын жасыру мүмкін емес. Ағымдағы оқу жылында кемшіліктермен жұмыс істелініп, білім сапасына көңіл бөлінуде.

Алғашында әрбір отбасындағы әлеуметтік қиындықтар, ата-аналардың ескі көзқарасы да қашықтықтан оқытуды жүзеге асыруға кедергісін тигізді. Бірақ тығырықтан шығудың мүмкіндігі бар екеніне көз жеткіздік. Басты қателік көпшіліктің IT технологияны уақытылы меңгере алмай жатқанында деп білемін. Ол үшін компьютерлік сауаттылықты көтеретін іс-шаралар әлі де көп болуы тиіс.

Ең бастысы, бұдан түйетініміз, қашықтықтан оқыту форматын білім саласының дамуына ықпал ететін күш деп қарастыру қажет. Балаға білім беру, тәрбиелеу тек мектептің еншісіндегі дүние емес.

Ел болашағы үшін білімді азаматты тәрбиелейміз десек, «ата-ана-бала-мектеп» бірігіп жұмыс істеу қажет.

Жаһандану кезеңінде ақпараттық технологияларсыз өмірімізді елестету мүмкін емес. Заман ағымына сай болып жатқан өзгерістерді қабылдау тұтас қоғамның сауаттылығы мен мәдениетіне де байланысты екенін ұмытпаған жөн.

**Шолпан ҚАДЫРОВА,
Білім басқармасының басшысы**

АННОТАЦИЯ ○

В данной статье рассказывается об изменениях в сфере образования, о работе, проводимой в целях организации дистанционного формата обучения в сжатые сроки, подготовки педагогов, повышения их педагогического мастерства. Кроме того, отмечается, что во всех школах созданы условия для безопасности здоровья учащихся.

